

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі туралы ережені бекіту, "Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын лауазымды адамдар бойынша кадр мәселелерін шешу тетігін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі № 784 қаулысына толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 1011 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 мамырдағы № 284 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 149 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 22.02.2023 № 149 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі туралы ережені бекіту, "Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын лауазымды адамдар бойынша кадр мәселелерін шешу тетігін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі № 784 қаулысына толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 1011 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі туралы ережеде:

9 тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Ресей Федерациясының аумағындағы Қазақстан Республикасының сауда көрмелерін, жәрмеңкелерін, конференцияларын, форумдары мен өзге іс-шараларын өткізуге және осы іс-шараларға, оның ішінде Мәскеу қаласындағы халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі аумағындағы "Қазақстан" сауда-көрме орталығын салу мен реконструкциялауды жүзеге асыруға, сондай-ақ Ресей Федерациясындағы өзге мамандандырылған іс-шараларға сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушыларын тартуға жәрдемдеседі;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК